

**Айтай Б.С.,\* Тилеукулов Г.С.**

т.ғ.к., аға оқытушысы, ОҚМПУ Шымкент, Қазақстан

т.ғ.к., М. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**БІРТҰТАС ТҮРКІСТАНҒА ОРТАҚ ҚАЙРАТКЕР ТҰЛҒА ЖӘНЕ  
ӨЗБЕК ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ**

Автор корреспондент: [bahadur.altai@mail.ru](mailto:bahadur.altai@mail.ru)

**Түйін:** Мақалада Тұрар Рысқұловтың түркі халықтарының тарихнамасына қосқан үлесі туралы мәселелер зерттелген. Биыл айтулы тұлға Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл. Тұрар Рысқұловтың мұрасы және ол туралы естеліктер әлі толық жинақтала қойған жоқ. Өзбек, түрік, татар-башқұрт, моңғол тілдеріндегі зерттеулер мен естеліктерді жинақтау және оны жариялау ісі «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының аясындағы кезек күтірмейтін істің бірі. Өзбек, түрік, орыс, татар-башқұрт, моңғол тілдеріндегі деректерден, оның тек қазақ үшін ғана емес бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ тұлға болғандығына көз жеткізуге болады. Әсіресе, өзбек халқы үшін де ол көрнекті қайраткер болғандығына сол дәуірдің құжаттары куәлік етеді. Әсіресе, Рысқұловтың 1919-1920 жылдар-дағы Ферғана жазығындағы жағдайды тексеру және үйлестіру төтенше комиссиясының мүшесі ретінде атқарған қызметі қазіргі өзбек тарихнамасында айтарлықтай орын алған.

**Кілт сөздер:** Мұсылман бюросы, Түркістан Жумхурияты (Республикасы), тарихнама, түркі халықтар, зерттеулер, курбашы

Биыл айтулы тұлға Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл. Тұрар Рысқұловтың мұрасы және ол туралы естеліктер әлі толық жинақтала қойған жоқ. Өзбек, түрік, татар-башқұрт, моңғол тілдеріндегі зерттеулер мен естеліктерді жинақтау және оны жариялау ісі «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының аясындағы кезек күтірмейтін істің бірі.

Дүрбеленге, айтыс-тартысқа толы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында халқына қызмет жасаған ұлтымыздың мемлекет қайраткерлерінің ішіндегі күрделі тұлғалардың бірі - Тұрар Рысқұлов. Ол жөнінде өзбек, түрік, орыс, татар-башқұрт, моңғол тілдеріндегі деректерден, оның тек қазақ үшін ғана емес бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ тұлға болғандығына көз жеткізуге болады. Әсіресе, өзбек халқы үшін де ол көрнекті қайраткер болғандығына сол дәуірдің құжаттары куәлік етеді. Сол кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдарына жариялаған мақалалар және Ташкент, Қоқан, Әндіжан қалаларында мұрағаттағы құжаттар негізінде ғылыми зерттеу жұмысын жасаған өзбектің белгілі тарихшылары Қ.Ражабов, М.Хайдаров, Р.Т.Шамсутдинов, С.С.Ағзамхужаев және жазушылары М.Хужаев, Я.Дадабаев Рысқұловтың өзбектің белгілі қайраткерлерімен бірге иінін тіреп еңбек еткендігін жан-жақты көрсетеді. Әсіресе, Рысқұловтың 1919-1920 жылдар-дағы Ферғана жазығындағы жағдайды тексеру және үйлестіру төтенше комиссиясының мүшесі ретінде атқарған қызметі қазіргі өзбек тарихнамасында айтарлықтай орын алған. Олар Т.Рысқұловтың Қоқандағы оқиғалардың бел ортасында жүргенін көрсете отырып, атқарған қызметіне оң бағаларын береді. Елеулісі сол жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Өзбекстан тарихы» атты көп томдық оқулыққа Рысқұловтың 25 жасында Тұраткомның жергілікті халықтан шыққан тұңғыш төрағасы болғандығы және оның қызметі туралы мәліметтер енгізген[1]. Иә, ол 1918 жылдың қазан айынан бастап Түркістан Компартиясы Орталық Атқару Комитетінің (ТурАтКом) денсаулық сақтау халкомы және аштықпен күрес комиссиясының бастығы қызметіне тағайындалып, Тұраткомның Төрағасы лауазымына дейінгі атқарған қызметі көрсетілген. Ол өзінің пролетар текті турашыл мінезімен жергілікті халықтың қолдауына тез ие болды. Ол туралы Туркомиссия мүшесі, Түркістан майданының қолбасшысы М.В.Фрунзе Ленинге «Түркістандағы жағдайды баяндау» туралы хатында Рысқұлов Тұрар мен оның орынбасары Низам Хужаевты Түркістан өлкесіндегі мұсылман коммунистерінің ішіндегі, халық соңынан еретін беделді өкілдер деп көрсеткен, ал Тұрарға «..ақылынан бөлек, үлкен

күш пен қайратқа және көркем мінезге ие» [2] деп мінездеме беріпті. Дәл осындай пікірді кеңес өкіметі тұсында-ақ өзбек тарихшылары Ш.С.Зиямов, Р.А.Нуруллин өз еңбектерінде көрсетіпті[3]. Олар Т.Рысқұловтың 1919 жылы 31 наурызда Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті жанынан татардың көрнекті қайраткері Мырсаид Сұлтанғалиевтің нұсқауымен құрған Түркістан Мұсылман бюросының (Мұсбюро) төрағасы ретінде атқарған қызметіне зор баға берілген. Бір жылда Мұсбюроның 7 секциясын ұйымдастырады. Рысқұлов Мұсбюроға жергілікті ұлт өкілдерін көптеп тартады. Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті мен Түркістан Атқару комитетін Мұсбюромен санасатын жағдайға келтіреді. Рысқұлов бар мәселені жергілікті тұрғындар мүддесі тұрғысынан шешіп отырған. Мұсбюроның 1919 жылы мамырда Т.Рысқұлов және А.Алиев, С.М.Эфендиев, Н.Қожаев, Т.Қожаев секілді төтенше өкілдерінің қатысуымен өткен алғашқы отырысында орыс коммунистерінің жергілікті халыққа қатысты ұстанған саясаты сынға алады. Бұл орталықтағы кеңес өкіметіне жақпай Түрккомиссияның құрылуына себеп болған еді[4]. Дәл осы растау пікірді Қ.Ражабов та көрсеткен[5]. Өзбекстан Республикасы Білім беру министрлігінің Тарих институтының бөлім бастығы тарих ғылымдарының докторы, профессор Кахрамон Ражабов Түркістан өлкесіндегі 1918-1932 жылдардағы басмашылар қозғалысының тарихын зерттеушісі ретінде өзбек елінде танымал ғалым. Ол Кеңестік тарихнаманың «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын» - «басмашылар қозғалысы», қарулы күресін - «басмачество», ал басшыларын «қурбаши-басмачи» деп атап, ұлттық бірлік идеясының мәні төмендетіліп тарихи шындық, оқиғалар өрескел бұрамаланғандығын атап көрсетеді[5].

1918 жылдың көктемінен бастау алған Ферғана жазығында 40 қа жуық дербес қурбашылар өлкедегі ұлт-азаттық қозғалысты өрістетіп жіберді. Олардың Ергаш дейтін ірі қурбашысында 20 мың қол, Мадаминбекте - 5 мың қол, Көр Шерматта - 6 мың қол, Қалқожада - 3 мың, жалпы 9 ірі қурбашыда 52 мыңнан астам қарулы қол болған. Оларға антисоветтік күштер, атап айтқанда, орыс ақгвардияшылары, ағылшын империалистері, татар – башқұрт және жас түріктер қайраткерлері байланыс орнатып, оларға қару-жарақпен көмек қолын созды. Алғашында, қурбашылардың бірқатары, атап айтсақ, Ергаш пен Мадаминбек кеңес өкіметі жағында жұмысшы-шаруалар өкіметіне қызмет етуге ықылас білдіріп, тіпті милиция бөлімінің бастықтары болып қызмет жасады. Олардың кеңес өкіметіне қарсы қаруларын кезеугесебеп болған ең басты оқиға 1917 жылы 27-29 қарашада Қоқан қаласында «Шуро Исламия» (Ислам Кеңесі) партиясы ұйымдастырған 4-ші төтенше өлкелік мұсылман халықтарының құрылтайында Түркістан Жумхурияты (Республикасы) және оның үкіметін құрылды. 1918 жылы ақпанда большевиктеросы өкіметке қарсы Қоқанда 35 мың адамның өмірін жалмаған қандықырғын ұйымдастырады. Әсіресе, армяндардың мұсылмандарға көрсеткен жауыздығы шектен шығып кеткен болатын. «Большевиктерге қатты ызаланған жергілікті атқамінерлер Түркістан жумхуриятын қорғауды Қоқан милициясының бұрынғы бастығы кіші Ергашқа тапсырады. Ол Ферғананың барлық қурбашыларының әміршісі болып сайланады. «Басмашылар» деп аталған қозғалысының күшейгені сонша, тіпті өлкеде большевиктерге өз билігін орната алмау қаупі төнді», [6] деп жазады Рустамбек Шамсутдинов «Әндіжан тарихының очерктері» атты еңбегінде.

1919 жылдың күзінде Ферғана уақытша автономиялық үкіметі құрылды. Тап осындай туындаған қиын ахуалдан соң қурбашылар мен большевиктік өкімет арасында бейбіт келіссөздер жүргізе алатын жергілікті ұлт өкілінен шыққан мәмілегер большевик қажет болды. Өзбек жазушысы Мансурхуза Хужаев көрсеткендей, ол Т.Рысқұлов болатын[7]. Ол әмір - қурбашы Мадаминбекпен (Мұхаммед Амин бек) Рысқұловтың құпия түрде кездескенін жазады. Ол бұл кездесуді сол кездегі ОГПУ дің қызметкері болған кісінің ауызынан есіткенін көрсете отырып, жаңа дерек ретінде көрсетеді. Кездесу 1919 жылы құпия жағдайда өткен. Марғұландық қурбашы Мадаминбекпен жүргізген келіссөз өңірде елеулі деңгейде тұрақтылық орнатты. 1920 жылы 6 наурызда Ескі Марғұлан қаласында Мадаминбекпен бейбіт келіссөзге қол қойылады. Ендігәрі Мадаминбек кеңестер билігін

қорғаушысына айналды. Есесіне большевиктер ислам шарифатының сақталуына, барлық мұсыл-мандарға ислам қағидасымен өмір сүруге кепілдік берген. Дегенмен, «1920 жылы мамырда кеңестер жағына өткен Мадаминбекті Көр (Соқыр-Б.А.) Шермат (Шермұхамедбек) пен Қалқожа (Қалхужа) келіссөз жүргізу кезінде өлтіріп тастады. Қызылдар жағындағы бірқатар қурбашылар мен басмашылар қайтадан ұлттық-мұсылмандық күресшілер жағына өте бастады», - деп көрсетті тарихшы Қ.Ражабов өзінің «Мадаминбек» дейтін рисоласында[8].

Рысқұловтың қурбашыларды қарсыласуды қойып, бейбіт жолмен большевиктік биліктің «Ұлттар декларациясына» сүйене отырып, Федеративтік Түркістан мемлекетін құруға шақырғандығы – қалыптасқан саяси жағдайда аса зор мүмкіндік болғандығын тарихшылар С.Ағзамхужаев[9] Р.Шамсутдинов[10], та көрсетеді. 1920 жылдың 12-18 қаңтарында өткен Мұсбюроның III және Түркістан компартиясының V сиезінде Рысқұлов өз жақтастарымен бірге «Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының» атын «Түрік Республикасы» деп, ал «Түркістан компартиясының» атын «Түрік компартиясы» деп ауыстыруды күн тәртібіне енгізіп, құрылуы көзделген республиканың өзіне тән конституциясының, экономика, қаржы, әскери және сыртқы істер салаларының тәуелсіз болуы мен тұрақты түрік-мұсылман армиясының құрылуын, мұсылман емес қарулы күштердің республика аумағынан шығарылуын көздеген ұсыныс басым көпшілік дауыспен қолдау тауып бекітіледі. Рысқұловтың Ресей құрамындағы бүкіл түркі халықтарын саяси жағынан біріктіретін Түрік Республикасын құруға шақыруы Мәскеу үкіметін қатты үрейлендірген болатын. Иә, Рысқұлов пен орынбасарлары С.Турсынқожаев, Н.Хужаевтар басмашылардың өлкедегі ірі күш екендігіне және олар бейбіт өмірге көшсе алдағы уақытта Мәскеуді олармен санасатынхәлге келтіруге болатындығына көздерін жеткізуге тырысқан. Олардың талабымен 1919 жылы 16 шілдеде армяндардың «Дашнакцутюн» ұлттық партиясы таратылды. Олардан қарулар тартып алынды[11]деп жазды Рысқұлов.

Тұрардың образын көркемфильмге алғаш шығарған Өзбек елі екенін айта кету керек. 1987 жылы «Өзбекфильм» киностудиясы «Уполномочен революцией» деп аталған 3 сериялы көркем фильм жасады[12]. Көрнекті революционер В.В.Куйбышевтің Түркістандағы кезеңі туралы түсірілген осы фильмде Рысқұлов образы Мұсбюроның Төрағасы қызметінде көрінеді. Оны өзбек актері Шұхрат Ергашев өзбек қайраткері ретінде бейнелейді. В.Куйбышев Рысқұловтың саяси қызметіне оң бағасын берген. 1920 жылы 9 тамызда орталық комитет хатшысы Е.Д.Стасоваға жазған хатында «Рысқұлов-сирек кездесетін тұлға және ол Мәскеуде көрнекті коммунист болып істеп кете алады...» [4] депті. Иә, Рысқұловты өлкеден орталыққа алып кету ұсынысы Куйбышектен шықты. Себебін көрсете кетейік, Рысқұловтың 1920 жылы ақпан-мамыр айларында РКП (б) ОК-іне бағынатын, орталығы Ташкенттен басқарылатын біртұтас Түркістан Республикасын құру әрекеті тарихи шындық. Ол дұрыс та батыл қадам болатын. Бірақ оның бұл ұсынысына алғашқыда Түрккомиссия мүшелері В.В.Куйбышев, Ш.З.Элиава «атын ауыстыруға болар» деген секілді қолдап сөз сөйлейді, ал Ф.И.Голощекин бейтарап қалады, Я.Э Рудузутак қарсы шыққан болатын. 1920 жылы 22 ақпанда Түрккомиссияның тағы бір мүшесі, Колчакты жеңген даңқты колбасшы Фрунзе Ташкентке келді. Рысқұлов көтерген мәселелер қайта талқыға түседі. Рысқұловтың Түркі Республикасы мен түркі компартиясын құру және дербес Түркістан қарулы күштерінің болуы секілді бірақатар ұсыныстарына қарсы пікір білдіреді[2].

Рысқұлов пен өзбектің көрнекті революционері Низам Хужаевқа 1920 жылы 24 мамырда Ленинмен кездесудің сәті түседі. Олар “Түркістан Республикасы жағдайының жоспары туралы” баяндамасын тапсырады. Рысқұловтың бүкіл мақсат-мұраты осынау батыл баяндамасынан көрінеді. Бірақ, Ленин бұған қарсы болады. Осыдан кейін ол ТүркАтКомның Төрағасы қызметінен өз еркімен кетеді. Түркістан өлкесінің 5 республикаға бөлінуіне Рысқұловтың қарсы болғаны тарихи шындық екендігін өзбек тарихшылары да растап отыр. Лениннің қазасына барған сапарында осы мәселені орталық

комитетте қайта көтермек болады. Бірақ бұл межелеу мәселесін оның қатысуынсыз-ақ шешіп жіберген еді. Осыдан кейін Рысқұлов Түркістан Республикасы Атқару комитеті төрағасы қызметінен өз еркімен кету жөнінде Орталық аппаратқа арыз берген[13].

Орталық Азияны ұлттық республикаларға бөлшектеу – кеңестік режімнің ең үлкен табысы. Ал осы республикалар ішінде Орталық Азияда түрік нәсілінде емес, парсы тілді республика ретінде Тәжік КСР-ін құру Мәскеудің Рысқұловтың бұл аймақты толықтай Түрік Республикасына айналдыру идеясына берген үлкен соққысы болатын. Жас большевик Рысқұловтың Ташкенттегі 1919-1920 жылдардағы кезеңі осылай күреске толы өтті. Ол мұнда әртүрлі ұлттық және діни партиялар мен қозғалыстардың өкілдерімен қарым-қатынас жасауына тура келді.

Рысқұлов Орта Азиядағы мақта мәселесіне қатысты, яғни оны игеріп қана қоймай, шикізатты өңдеу жолдарын да көрсеткен баяндамалары мен мақалалары Ташкенттен 1921-1926 жылдары өзбек тілінде шығып тұрған «Қизил Узбекистон», «Туркистон» газеттерінде үзілмей басылып отырған. Ол мақтадан тауарлы өнім шығару үшін республикаларда өндірістік орындарын ашу керектігін тілге тиек еткен. Оның Түркістан Республикасындағы ролі мен ықпалы ерекше болатын. Түрккомиссия мүшелері оның алғырлығына, өр мінезінен именетін. Сескенетін. Содан қауіптенген Орталық аппарат оны Мәскеуге шақырып, Наркомнацқа қызметке қойды.

Өзбек тарихшылары Ш.З.Зиямов пен Р.А.Нуруллин Тұрар Рысқұловты кеңестік Орта Азия елдерінен шыққан бірінші тарихшылар қатарына жатқызады[3]. Тұтқындар алдында Ялтада дем алып жүрді. «Революция и коренное население Туркестана»[11] деп аталған еңбегін толықтырып Түркістан тарихына қатысты көлемді еңбек жазып жүргенін бірнеше мәрте өз жазбаларында еске алады. Тарихи сол еңбегін Ялтада дем алып жатқанда аяқтау алдында тұрғандығын да жазыпты. Ол туралы тұрартанушы, белгілі жазушы Ш.Мұртаза ағамыздың соңғы жылдары естеліктерінде де айтады.

Қорыта айтсақ, Рысқұловтың өзбек тарихнамасында Түркістан Атқару комитеті жанындағы Мұсылмандар Бюросының төрағасы, кейіннен Түркістан Орталық Атқару комитетінің төрағасы, Ферғана жазығындағы жағдайды тексеру және үйлестіру төтенше комиссиясының мүшесі ретінде атқарған қызметі туралы өзбек тіліндегі деректер өз алдына зерттеуді қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Узбекистон тарихи. Олий Уқув Дорилфунуни учун. III томлик. Т.1997. III -том. 415 б.
2. Фрунзе М.В. Статьи и воспоминание. / под.ред. Архангельский. Вл. Изд-во. «Молодая гвардия».- Москва.-1970. - 412 стр.; Устинов В.М. Служение народу (Партийная и государственная деятельность Т.Рыскулова). Алматы: «Казахстан», 1984. – 231 с.
3. Зиямов Ш.С, Нуруллин Р.А. Турар Рыскулов Общественные науки в Узбекистане. Ташкент.-1988.; История гражданской войны в Узбекистане / отв.ред:Х.Ш.Иноятов.- Ташкент: Фан, 1970.-Т.2.-362 с.
4. Куйбышев В.В. ПСС.в 3 томах.- Москва. Изд-во. Политической литер-ы.-1977.
5. Ражабов Қ, Хайдаров М. Туркистон тарихи (1917-1924). Ташкент. «Университет». 2000. 168 б.
6. Шамсутдинов Р.Т., Исоқов А.А. Андижон тарихидан лавқалар. «Шарх» нашриети. АК. Тошкент. 2013.-592 б.
7. Хужаев М. «Шермухаммадбек курбоши.Тарихи роман. Т.: Шарқ,-2008.- 304 б.
8. Ражабов Қ. Мадаминбек (рисола). «АВИ Матбуот». - 2011.-40 б.
9. Ағзамхужаев С. Туркистон Мухторияти: миллий демократик давлатчилик қурилиши тажирибаси. — Тошкент: «Маънавият-ФАН».-2000.
10. Шамсутдинов Рустамбек. Узбекистонда советларнинг қатағон сиесати ва унинг

оқибатлари. (1 китоб).-«Шарк» нашр. Тошкент.-2012

11. Рыскулов Т. «Революция и коренное население Туркестана», Ташкент, 1925. (глава «Что делали дашнаки в Фергане»). ТШЖ-3 томдық. I том. А.-1997.

12. Худ. Фильм «Уполномоченный революцией». Произ. «Узбекфильм» 1987 г. В 3-х серии./ реж. З.Ройзман.

13. Қоңыратбаев О. «Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі». Алматы.- 2004.

**Аннотация:** В статье рассматривается деятельность Турара Рыскулова в период его работы в Туркестанской Автономной Советской Социалистической Республики по современной узбекской историографии. 1918г. V съезд Советов Туркестана заявил об образовании Туркестанской Автономной Советской Социалистической Республики. В октябре 1918 на 6-м Туркестанском съезде Советов Турар Рыскулов избирается в составе ТуркЦИКа, назначается наркомом здравоохранения Туркестанской республики, заместителем председателя, председателем ЦИК Турк. Республики. Мусульманское бюро Туркестан-ского Крайкома РКП (б) возглавил Турар Рыскулов. Этот периоды его деятельности изучены киргизскими, татарскими и монгольскими историками. Высоко оценили его работы особенно узбекские историки. Они внимательно изучили его деятельность в попытках и стремлениях создания «Тюркской Советской республики». Активность, целеустремленность Турара Рыскулова получили высокую оценку со стороны узбекских исследователей.

**Abstract:** The article discusses the activities of Turar Ryskulov during his work in the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic on modern Uzbek historiography. 1918 The Fifth Congress of Soviets of Turkestan announced the formation of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic. In October 1918, at the 6th Turkestan Congress of Soviets, Turar Ryskulov was elected as part of the TurkCIK, appointed by the People's Commissar of Health of the Turkestan Republic, deputy chairman, chairman of the CEC Turk. Republic. The Muslim Bureau of the Turkestan Regional Committee of the RCP (B.) Was headed by Turar Ryskulov. This period of his activity was studied by Kyrgyz, Tatar and Mongolian historians. Especially Uzbek historians highly appreciated his work. They carefully studied his activity in the attempts and aspirations of creating the "Turkic Soviet Republic". The activity and determination of Turar Ryskulov was highly appreciated by Uzbek researchers.